



Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігінің  
Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру  
комитеті Төрағасының  
2015 жылғы «18» ақпан  
№ 183 бұйрығымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің  
«Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті» шаруашылық жүргізу  
құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жарғысына  
өзгерістер**

1. «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының кейбір мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Төрағасының 2012 жылғы 17 қыркүйектегі № 922 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны жарғысының (бұдан әрі – Жарғы) 3-бөлімінің 14-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) ғылыми зерттеулер мен тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды іздестіру және жүргізуді ұйымдастыру, оның ішінде, студенттердің, магистранттардың және докторанттардың қатысуымен құрылыс саласында ғылыми-техникалық зерттеулер, ізденістер және ғылыми-техникалық сүйемелдеу.».

2. Жарғының 4-бөлімінің 21- тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«21. Ректорды тағайындау, оны аттестаттаудан өткізу мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен айқындалатын тәртіпте жүзеге асырылады.».

3. Жарғының 10-бөлімінің 70-тармағының екінші абзацы және 71-тармағының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Кәсіпорынның даму жоспарын әзірлеу және бекіту тәртібін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.

71. Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігін аудару нормативі мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен белгіленеді.».

4. Жарғының 11-бөлімінің 75-тармағының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

75. Кәсіпорынның жарғылық капиталының мөлшері 4 696 147 596 (төрт миллиард алты жүз тоқсан алты миллион жүз қырық жеті мың бес жүз тоқсан алты) теңгені құрайды.».

Ректор А.М. Ғазалиев

